



Заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына кіретін су объектілерінде әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеу үшін аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 344 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 5 қаңтарда № 22020 болып тіркелді

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 6-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына кіретін су объектілерінде әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеу үшін аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрі*

М. Мирзагалиев

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің
2020 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 344 Бұйрығымен бекітілген

Заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына кіретін су объектілерінде әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеу үшін аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына кіретін су объектілерінде әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеу үшін аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 6-1)-тармақшасына сәйкес әзірленді және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілерінде жеке және заңды тұлғалардың әуесқойлық (спорттық) балық аулауын, мелиорациялық аулауын, ғылыми-зерттеу мақсатында аулауын, өсімін молайту мақсатында аулауын ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әуесқойлық (спорттық) балық аулау – спорттық және эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру, спорт сайыстарын өткізу мақсатында, сондай-ақ бір-бірлеп қана аулауға мүмкіндік беретін аулау құралдарымен (кәсіпшілік емес аулау құралдары) жүзеге асырылатын, аулап алынған өнімді жеке тұтыну үшін балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау;

2) балық аулау – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау;

3) балық аулаушы – әуесқойлық (спорттық) балық аулау құқығын алған жеке тұлға;

4) балықтардың қырылуы – су айдынының және (немесе) учаскесінің гидрохимиялық және өзге де режимінің бұзылуы салдарынан балық ресурстарының және басқа да су жануарларының жаппай қырылуы;

5) балықтың қырылу қаупі бар су айдыны және (немесе) учаскесі – балық шаруашылығының балық әлсін-әлсін қырылуға ұшырайтын су айдыны және (немесе) учаскесі;

6) балықтардың өріс аударуы – балықтардың бір мекендеу ортасынан екінші ортаға жаппай ауысуы;

7) ғылыми-зерттеу үшін аулау – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында балық ресурстары мен басқа да су жануарларын аулау;

8) жаппай аулау – су айдынындағы балық ресурстарының және басқа да су жануарларының бүкіл кәсіпшілік қорын алып қою немесе балықтардың жекелеген түрлерінің кәсіпшілік қорын немесе экологиялық топтарын алып қою. Жаппай аулау мелиорациялық аулау ретінде және ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін қолданылуы мүмкін;

9) мелиорациялық аулау – жаппай аулауды, арзан бағаланатын балықтар түрлерін аулауды, балықтың қырылу қаупі бар су айдындарындағы және (немесе)

учаскелеріндегі аулауды қоса алғанда, су айдындарының балық өнімділігін арттыруға, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын сақтауға және олардың мекендеу әрі көбею жағдайларын жақсартуға бағытталған балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау;

10) өсімін молайту мақсатында аулау – балық ресурстарының және басқа да су жануарларының өсімін молайту мақсатында оларды аулау;

11) табиғат қорғау мекемелері – мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар, мемлекеттік өңірлік табиғи парктер;

12) уылдырық шашу – балықтардың жетілген уылдырықты шашу процесі және оның кейіннен ұрықтануы.

13) су айдындары – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау, өсіру және көбейту үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін не олардың қорларының өсімін молайту үшін маңызы бар су айдындары не олардың бөліктері (өзендер және оларға теңестірілген каналдар, көлдер, сулы-батпақты алқаптар, су қоймалары, тоғандар және басқа да ішкі су айдындары, аумақтық сулар), сондай-ақ теңіз сулары.

3. Әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеу үшін аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыруға жолдаманы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша табиғат қорғау мекемесі береді және ол осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нөмірленген, тігілген және табиғат қорғау мекемесінің мөрі басылған әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеу үшін аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыруға жолдама (бұдан әрі – жолдама) беру журналында тіркеледі.

4. Табиғат қорғау мекемесі жолдама алудан мынадай негіздер бойынша бас тартады:

1) құжаттардың және (немесе) оларда келтірілген деректердің (мәліметтердің) дұрыс болмауының анықталуы;

2) алушыға қатысты оның қызметіне немесе жолдама алуды қажет ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

3) алушыға қатысты алушының жолдама алумен байланысты арнайы құқығынан айырылуға негіз болған соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.

5. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су айдындарында балық аулау мынадай түрлерге бөлінеді:

1) әуесқойлық (спорттық) балық аулау;

- 2) мелиорациялық аулау;
- 3) ғылыми-зерттеу үшін аулау;
- 4) өсімін молайту мақсатында аулау.

2-тарау. Әуесқойлық (спорттық) балық аулау жүзеге асыру тәртібі

6. Жеке тұлғалар жолдама алу үшін келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) екі данада еркін түрде жазылған өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат (салыстыру үшін).

7. Өтінішті қабылдау және жолдама беру табиғат қорғау мекемесінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

Жолдама 30 минут ішінде беріледі.

8. Әуесқойлық (спорттық) балық аулау бір балық аулаушыға бес данадан аспайтын ілмектері бар барлық атаудағы қармақтармен (қармақшалармен) (жылтырауық, қармақ, жерлица, спиннингтер), сондай-ақ бір балық аулаушыға үш данадан аспайтын су астында аулауға арналған мылтықтармен, торлы аумен, мормышкамен, ілгекпен және шаян қақпандармен жүзеге асырылады.

9. Әуесқойлық (спорттық) балық аулау сондай-ақ ауланған балықты тірі түрде табиғи мекендеу ортасына кейіннен шығара отырып жүзеге асырылады.

10. Су айдындарында әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жеке тұлғаларда, яғни балық аулаушыда жеке басын куәландыратын құжаттар, жолдама болған жағдайда жүзеге асырады.

11. Жолдама жеті күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге беріледі, бір жолдамаға балық аулау көлемі – бес килограмнан аспайды.

12. Жолдама жоғалған немесе бүлінген жағдайда балық аулаушы жолдаманың телнұсқасын алады. Табиғат қорғау мекемесі өтініш берілген күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде жолдаманың оң жақтағы жоғарғы бұрышына "телнұсқа" деп жаза отырып және олардың алғаш берілген күні мен қайта ресімделген күнін көрсете отырып, жолдаманың телнұсқаларын береді.

13. Балық аулаушы бақылау пунктінде берілген алу көлеміне сәйкес ауланған балықты және басқа су жануарын табиғат қорғау мекемесінің мемлекеттік инспекторына көрсетеді.

14. Табиғат қорғау мекемесінің қызметкері жолдаманың кестесінің тиісті бағандарын толтырып, ауланған балықтың мөлшері, түрі туралы мәліметтерді енгізеді және қолымен куәландырады. Бұл белгі ауланған балықты алып кетуге немесе шығаруға негіз болып табылады.

3-тарау. Мелиорациялық аулауды жүзеге асыру тәртібі

15. Жеке және заңды тұлғалар мелиорациялық аулауға жолдама алу үшін келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) екі данада еркін түрде жазылған өтініш;

2) жеке тұлғалар үшін жеке басын куәландыратын құжат (салыстыру үшін);

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі;

4) мелиорациялық аулауды жүзеге асыруға жолдама беретін заңды тұлға жарғысының көшірмесі.

16. Өтінішті қабылдау және жолдама беру табиғат қорғау мекемесінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

Жолдама 30 минут ішінде беріледі.

17. Балықтың қырылуына сөзсіз әкеп соқтыратын балықтың қырылу қатері төнген және мұндай қатерді су объектілерінде ағымдағы балық шаруашылығы мелиорациясын жүргізу жолымен жою мүмкін болмайтын жағдайларда табиғат қорғау мекемесі мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алған биологиялық негіздеменің негізінде мелиорациялық аулау туралы шешім қабылдайды.

18. Мелиорациялық аулау туралы шешім табиғат қорғау мекемесі басшысының немесе оны алмастыратын адамның бұйрығымен ресімделеді.

19. Мелиорациялық аулауды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 18-04/17 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 17 ақпанда № 10266 болып тіркелген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдары мен тәсілдерін қолдануға рұқсат етілген тізбеге сәйкес қолдануға рұқсат етілген балық аулау құралдарын пайдалана отырып, табиғат қорғау мекемесі қамтамасыз етеді (бұдан әрі – тізбе).

Мелиорациялық аулау ретінде жүзеге асырылатын жаппай аулау кезінде қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесіне кіретін кез келген аулау құралдары пайдаланылады.

20. Балықтың қырылуына қарсы іс-шара ретінде жүзеге асырылатын мелиорациялық аулау жолымен алынған балық көлемі балық аулаудың жалпы көлеміне кірмейді.

4-тарау. Ғылыми-зерттеу үшін аулауды жүзеге асыру тәртібі

21. Заңды тұлғалар жолдама алу үшін келесі құжаттарды ұсынады:

1) екі данада еркін түрде жазылған өтініш;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі;

3) ғылыми-зерттеу мақсатында аулауды жүзеге асыруға жолдама беретін заңды тұлға жарғысының көшірмесі.

22. Өтінішті қабылдау және жолдама беру табиғат қорғау мекемесінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

Жолдама 30 минут ішінде беріледі.

23. Белгіленген аулау көлемінен тыс мөлшерде ғылыми-зерттеу үшін аулауға бұрын жануарлар дүниесінің жай-күйін бағалау жүргізілмеген су айдындарында жол беріледі.

24. Ғылыми-зерттеу үшін аулауды жүзеге асыру үшін аккредиттелген ғылыми ұйымдармен ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағдарламасы шеңберінде:

1) зерттеу жұмыстарын жүргізудің күнтізбелік жоспары мен кестесі бекітіледі;

2) су айдындары және (немесе) учаскелері бөлінісінде аулау учаскелерінің тізбесі белгіленеді;

3) станциялар желісі, пайдаланылатын аулау және жүзу құралдарының типі, түрі және саны, аулау тәсілдері айқындалады.

25. Ғылыми-зерттеу үшін аулауды аккредиттелген ғылыми ұйымдар жылдың кез келген уақытында тізбеге сәйкес қолдануға рұқсат етілген балық аулау құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырады.

26. Ғылыми-зерттеу үшін аулау балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңде табиғат қорғау мекемесі өкілінің қатысуымен және жүргізілген аулау нәтижелері көрсетілген жеке акт (еркін нысанда) толтырыла отырып жүзеге асырылады.

5-тарау. Өсімді молайту мақсатында аулауды жүзеге асыру тәртібі

27. Жеке және заңды тұлғалар өсімін молайту мақсатында аулауға жолдама алу үшін келесі құжаттарды ұсынады:

1) екі данада еркін түрде жазылған өтініш;

2) жеке тұлғалар үшін жеке басын куәландыратын құжат (салыстыру үшін);

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі;

4) өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыруға жолдама беретін заңды тұлға жарғысының көшірмесі.

28. Өтінішті қабылдау және жолдама беру табиғат қорғау мекемесінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

Жолдама 30 минут ішінде беріледі.

29. Өсімін молайту мақсатында аулауды табиғат қорғау мекемесі мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алған биологиялық негіздеменің негізінде балық аулаудың бекітілген көлемі шегінде жылдың және тәуліктің кез келген уақытында тізбеге сәйкес барлық аулау құралдарымен және балық аулау тәсілдерімен жүргізеді.

30. Табиғат қорғау мекемесі балық ресурстарын ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына кіретін бір су айдынынан екінші су айдынына көбейтуге бастамашылық жасаған жағдайда өсімді молайту мақсатында аулау туралы шешім табиғат қорғау мекемесі басшысының немесе оның алмастыратын адамның бұйрығымен ресімделеді.

31. Жеке және заңды тұлғалардың бастамашылығымен өсімді молайту мақсатында аулауды жүзеге асыру үшін жолдама қажет.

Заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамына енетін су объектілерінде әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеу мақсатында аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеу үшін аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыруға жолдама

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің	Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің	ЖОЛДАМАНЫҢ сыртқы беті Балық аулау туралы мәліметтер	
(мекеменің атауы) ТҮБІРТЕК № _____	(мекеменің атауы) ЖОЛДАМА № _____	Күні	Балық түрі
" _____ " _____ республикалық мемлекеттік мекемесі Кімге берілді _____ (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)/ұйымның атауы) Мөлшері _____ (килограмм) Балық түрі _____	" _____ " _____ республикалық мемлекеттік мекемесі Кімге берілді _____ (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)/ұйымның атауы) Мөлшері _____ (килограмм) Балық түрі _____		Мөлшері (килограмм)
Су айдынының және учаскенің атауы _____	Су айдынының және учаскенің атауы _____	ЖИЫНЫ:	
Көлік _____ (түрі, маркасы, мемлекеттік нөмірлік белгісі) Қолданылу мерзімі: 20__ ж. " __ " _____ және 20__ ж. " __ " _____ аралығында Берілген күні 20__ ж. " __ " _____	Көлік _____ (түрі, маркасы, мемлекеттік нөмірлік белгісі) Қолданылу мерзімі: 20__ ж. " __ " _____ және 20__ ж. " __ " _____ аралығында Берілген күні 20__ ж. " __ " _____ Аумаққа кіру кезінде көлікті жете тексерген мемлекеттік инспектор _____	Мемлекеттік инспектор (Т.А.Ә. (бар жағдайда) (қолы)	
Жолдаманы алдым, Қағидалармен таныстым	Жолдаманы алдым, Қағидалармен таныстым	болған	
(Балық аулаушының Т.А.Ә., (бар	(Т.А.Ж., бар болған жағдайда)		

болған жағдайда) қолы)	қолы)	Аумақтан шығу кезінде
Жолдаманы берген	ауланған балық көлемін	тексерген мемлекеттік
(Т.А.Ә., бар болған жағдайда) қолы)	инспектор	(Т.А.Ә., бар болған жағдайда, қолы)

Заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамына енетін су объектілерінде әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеу мақсатында аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыру қағидаларына 2-қосымша Нысан

Әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеу үшін аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыруға жолдама беру журналы

р/с №	Балықшының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Балықшының тұрғылықты жері	Жолдаманың берілген күні	Жолдаманың нөмірі	Жолдаманың қолданылу мерзімі
1	2	3	4	5	6

Кестенің жалғасы

Су айдынының және учаскенің атауы	Балық түрі	Мөлшері		Балықшыны бақылаушы тұлға (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Қолдар	
		дана	килограмм		Жолдаманы беруші	Жолдаманы алушы
7	8	9	10	11	12	13